

## Қазақстан Республикасы соттары судьяларының материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін көтеру жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 18 сәуір N 1670.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2000.12.25. N 132 Заңымен. ~  
Z000132

Соттардың жұмыс деңгейін көтеру, судьялар тәуелсіздігінің әлеуметтік және материалдық кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында; "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына Z933600\_ сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Жоғары төрелік соты төрағаларының лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының лауазымдық жалақысы деңгейінде белгіленсін.

Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Жоғары төрелік сот, төменгі және әскери соттар судьяларының лауазымдық жалақысы проценттік қатынаста тиісінше Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және Жоғарғы төрелік соты төрағаларының лауазымдық жалақысына қосымшаға сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына жыл сайын демалыс орнына бару және қайту жолының құны төленіп ұзақтығы 30 күнтізбелік күн ақылы демалыс беріледі.

3. Республиканың бір аймағынан қызмет бабымен басқа аймағына ауыстырылған судьялар мен олардың отбасы мүшелеріне қоныс аудару жөніндегі шығыны жұмсалған шығын көлемінде толығымен төленеді;

судьялар қызмет куәлігін көрсеткен соң таксиден басқа қоғамдық көліктің барлық түрінде - қалалық және жергілікті қатынас көліктерінде тегін жүруге құқығы бар;

қызмет бабымен іссапарға жіберілгенде олар жол жүру билеттерін кезектен тыс сатып алуға және қонақ үйлерде орналасуға құқығы бар.

4. Судья тағайындалған соң 6 айдан кешіктірмей немесе оның тұрғын үй жағдайын жақсарту қажет болған ретте атқарушы мемлекеттік өкімет органдары оған кезектен тыс тәртіп бойынша жайлы тұрғын үй-жай беруге міндетті.

Судьялық лауазымда 10 жыл жұмыс істегеннен кейін тұрғын алаң судьяның

меншігіне өтемсіз беріледі.

Судьяның келісуімен тұрғын алаң орнына оған тұрғын үй сатып алуына немесе салуына арналып процентсіз несие беріледі, егер әлгі адам кемінде 10 күнтізбелік жыл судья болып жұмыс атқарған жағдайда, бұл несие республикалық бюджеттің қаржысы есебінен өтеледі.

5. Судьялардың өмірі мен денсаулығы республикалық бюджет қаржысы есебінен міндетті мемлекеттік сақтандыруға жатады.

Мемлекеттік сақтандыру органдары:

а) судья қызмет істеп жүргенде немесе ол қызметінен босағаннан кейін қаза тапса (қайтыс болса), мұның өзі судьяның қызметтік міндетін немесе қоғамдық парызын орындауға байланысты болса, қайтыс болған кісінің мұрагерлеріне бес жылдық лауазымдық жалақыға тең мөлшерде:

ә) қызметтік міндетін немесе қоғамдық парызын өтеуге байланысты судьяға бұдан былай оның кәсіби қызметпен шұғылдануына мүмкіндік бермейтіндей зақым немесе зиян келтірілген жағдайда судьяға үш жылдық лауазымдық жалақыға тең мөлшерде сақтандыру сомасын төлейді.

Судьяның қызметтік міндетін немесе қоғамдық парызын өтеуге байланысты оның мүлкіне келтірілген залал республикалық бюджет қаржысы есебінен толық көлемде өтеледі.

Егер зақымдануы немесе денсаулығына келтірілген басқа да зиянның салдарынан судья кәсіби қызметпен айналысу мүмкіндігінен айырылатын болса, оған халықты әлеуметтік қорғау органдары ай сайын оның айлықақысы мен мемлекеттік сақтандыру бойынша алынған төлемдерді есептемей тағайындалған зейнетақының арасындағы айырмаға тең мөлшерде өтемақы төлейді.

6. Әрбір судьяның жасына қарамай өз қалауы бойына орнынан түсуге құқығы бар немесе оның судьялық міндетін атқаруға бөгет боларлықтай денсаулық жайына байланысты орнынан түсірілуі мүмкін.

Ол өзі жөніндегі айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты немесе бұдан былай өзінің міндеттерін орындауына кедергі болатын теріс қылық жасаған жағдайда қызметтен босатылуы мүмкін.

Судьялық лауазымда кемінде 20 жыл жұмыс істеп орнынан түскен судьяға соңғы судьялық қызметтегі айлық ақшалай үлесінің 70 проценті мөлшерінде зейнетақы төленеді.

Судьялық лауазымда 10 жылдан 20 жылға дейін жұмыс істеп орнынан түскен судьяға 60 процент мөлшерінде зейнетақы төленеді.

Судья айыптау үкімі заңды күшіне енуіне немесе бұдан былай өзінің міндеттерін орындауына кедергі келтіретін теріс қылық жасауына байланысты босатылған жағдайда зейнетақы жалпы негіздерде төленеді.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтың

ережелерін жүзеге асыру жөнінде бір ай мерзім ішінде шаралар қолданатын болсын.

8. Осы Жарлық Заң күшіне ие және Қазақстан Республикасы сот органдары судьяларының қызметін реттейтін заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар қабылданғанға дейін қолданылады.

9. Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1994 жылғы 18 сәуір  
N 1670 Жарлығына  
Қосымша

Қазақстан Республикасының соттары судьяларының  
лауазымдық жалақыларының  
Мөлшері

---

Судьялардың лауазымдық атауы ! Конституциялық Сот,  
! Жоғарғы Сот, Жоғары төре  
! лік сот төрағаларының  
! лауазымдық жалақысына  
! процент есебімен алғанда  
! ғы лауазымдық жалақы  
! мөлшері

---

Жоғарғы Сот, Жоғары төрелік сот Төрағасының  
бірінші орынбасары; Конституциялық Сот  
Төрағасының орынбасары 95

Жоғары Сот, Жоғары төрелік сот төрағасының  
орынбасары, Жоғарғы Сот Әскери алқасының  
төрағасы 90

Конституциялық Сот хатшысы, Пленум

хатшысы	87	
Сот мүшесі	85	
Облыстық, Алматы қалалық соттарының және Қазақстан Республикасының аумағындағы әскерлердің Әскери сотының төрағасы	85	
Облыстық, Алматы қалалық соттары мен әскерлердің Әскери соты төрағасының орынбасары		80
Облыстық, Алматы қалалық соттары мен әскерлердің Әскери сотының мүшесі	75	
Ленинск қалалық сотының төрағасы	80	
Ленинск қалалық сотының мүшесі	75	
Аудандық (қалалық) және гарнизондардың әскери соттарының судьялары:		
Төраға	70-75	
Төраға орынбасары	65-70	
Судьялар	60-65	
Әкімшілік және атқару ісі жөніндегі судья	55	